



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 57 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Ұлттық Банк «МЕДЕҰ» коллекциялық монеталарын айналысқа шығаруда

Нұр-Сұлтан қ.

29 желтоқсан, 2020 жыл

Қазақстан Ұлттық Банкі «Республика игілігі» монеталар сериясынан номиналы 500 теңгелік «МЕДЕҰ» күміс коллекциялық монеталарын айналысқа шығаруда.

«МЕДЕҰ» коллекциялық монеталары **Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы сатылады.**

Сату күні туралы ақпарат ҚҰБ ресми сайтында қосымша орналастырылады.

Онлайн-сатуларға көшу қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай аясында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пилоттық режимде іске асырылуда. Монеталарды онлайн-сату және жеткізу Ұлттық Банктің интернет-дүкенінің жаңартылған платформасы арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыстарды өңдеу белгілі бір уақытты қажет ететіндіктен, монеталарды сату бірнеше күнге бөлінеді.

«МЕДЕҰ» коллекциялық монеталары туралы

МЕДЕҰ» монетасы дизайнының тұжырымдамасы атақты бөгеттің және «жарылыстан туындаған» мұз айдынының пайда болу тарихын суреттейді.

Монета дизайнының графикалық тұжырымдамасы бүкіл әлемге әйгілі «Медеу» биік таулы мұз айдынын қоршаған Іле Алатауының жартасты тауларын аллегориялық қабылдау негізінде жасалған.



«МЕДЕҰ» монеталарының сипаттамасы:

Монеталар алтын жалатылған күмістен, массасы 24 грамм, диаметрі 37 мм, «proof» сапасымен, таралымы – 3 000 (үш мың) дана. Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған.

Монета аверсінің орталық бөлігінде «QAZAQSTAN RESPUBLIKASY» жазбасының, монета номиналын және монета дайындалған металды, оның сынамасы мен массасын білдіретін жазбалардың қоршауында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген.

Монетаның реверсінде ортада жартасты таулар аясында биік таулы «Медеу» мұз айдынының бейнесі орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ жиекте мынадай бедерлі жазулар орналасқан: монетаның соғылған жылы, мұз айдынының ресми ашылған жылы, белгіленген әлемдік рекордтар саны, теңіз деңгейінен биіктігі және мұз айдынының және оның орналасқан жерінің мемлекеттік тілдегі, орыс және ағылшын тілдеріндегі атауы.

Номиналы 500 теңгелік коллекциялық монеталар төлемдердің барлық түрі бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олардың белгіленген құнымен қабылдануға, сондай-ақ банк шоттарына есепке алынуға және аударылуға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Күмістен жасалған монеталар кәдесыйлық орамда шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік тілдегі, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Коллекциялық монеталар Қазақстанның теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz